Әбікенова Г.Т. – филология ғылымдарының докторы, профессор м.а., Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-7261-3039.

Несипбай А.Ш. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан. ORCID: 0000-0002-3317-2007.

Абикенова Г.Т. – доктор филологических наук, и.о. профессора, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан. ORCID: 0000-0002-7261-3039.

Nessipbay A.Sh. – corresponding author, PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-3317-2007.

Abikenova G.T. – Doctor of Philology, Acting Professor, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-7261-3039.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

А.Б. Салқынбай



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: asalkbek@gmail.com)

Абайдың «Қара сөздеріндегі» «уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қылу» ұғымы

Аңдатпа. Қоғам мен тілдің қарым-қатынасын, адамның қоғамдағы психологиясын, мінезін, ділін тіл арқылы зерделеу, психология мен этнографиядағы тілдің әлеуметтік табиғатын жүйелейтін әлеуметтік тіл білімінің қазіргі таңда маңызы ерекше болып отыр. Мақаланың мақсаты – қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелердің, әлеуметтік көзқарастар мен әлеуметтік құндылықтардың тілдегі және сөйлеу дискурстарындағы көрінісін Абай шығармалары негізінде зерделеу. Зерттеу мақалада Абайдың «уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қылу» тұжырымы лингвопсихологиялық, лингвомәдени тәсілдер аясында тұңғыш рет ғылыми сараланады. Ғылыми мақаланың мәні – Абай айқындаған өмір харекеттерінің жиынтық өлшемін мәнін ашу, талдау, жүйелеу. Харекет жиынтығының жеке тұлға өміріндегі тұтастық пен бүтіндікті қалыптастырудағы маңызын зерделеу. Ғылыми жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы – қазіргі қазақ қоғамында рухани қажеттілікке айналып отырған ұлттық құндылықты Абай тұжырымдары арқылы көрсету. Абай айтқан «сөзіне қарай кісіні алу» идеясы қазіргі таңда әлемдік тіл білімінде сөзді зерттеудің басты бағыттарының бірі ретінде танылады. Мақалада адам мен оған қатысты базалық құндылықтардың динамикалық рейтингі мен оларды реттеуші ұғымдар мен қағидалар Абай даналығы арқылы айқындалады. Тарихи тәжірибе арқылы кешенді жүйеге түскен Абайдың ғылыми ойлары қазір құндылық концепциясына айналған. Абай сөзінің концептуалды қатар құрайтын тұжырымдары аксиологиялық тұрғыдан зерделенуінің практикалық маңызы бар.

Түйін сөздер: тілдің әлеуметтік қызметі, семантикалық мән, Абай өлшемі, «уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қылу» тұжырымы, рухани құндылық динамикасы, тұтастық, бүтіндік ұғымы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-106-116>

Түсті: 15.08.2024; Жөнделді: 27.08.2024; Мақұлданды: 13.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

Кіріспе

Адам баласының рухани әлеміндегі әр алуан қайшылыққа толы болмысы - қазіргі қоғамның негізгі сипатының бірі. Мұндай жағдаят рухани мәдени құндылықтарды саралаудың, оны аксиологиялық бағалаудың өзектілігін, қажеттілігін алға тартады. Қазіргі қазақ қоғамының рухани-мәдени дамуы мен халықтық, ұлттық құндылықтарды

тану мәдениетінің өзіндік ерекшелігі бар. Кешегі кеңестік кезең сіңірген үлгілерден толық айыға алмаған халықтық сана бар. Жаңарған, жаңғырған мемлекетіміздің тілін әлеуметтік бағдарда саралап, қоғамдағы рухани-мәдени құндылықтардың ерекше заңдылығы мен өзгешелігін, ұлттық сананың орнығу мүмкіндіктері мен қажеттілігін қарастырудың өзектілігі айқын. Қазіргі уақытта тіл білімі адамның сөйлеу әрекеті мен психикалық жағдайына байланысты ғылыми көзқарасты қоршаған ортаның нақты жағдайындағы тәжірибені қабылдауы, бағалаудың ерекше тәсілі ретінде танып, сөз қолданысындағы, лебіздегі айтылған тұжырымдарды әлеуметтік тәжірибе сапасының көрінісі деп талдайды. Мақаланың өзектілігі қазіргі қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелердің, әлеуметтік көзқарастар мен әлеуметтік құндылықтардың маңызы мен сапалық ерекшеліктерін саралауда тарихи жүйеленген, Абай еңбектерінде [1], [2], [3], [4], [5] негізделген қазақ рухани құндылықтарының мәнін анықтаумен байланысты. Зерттеу мақалада Абайдың «уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қылу» тұжырымы тұңғыш рет лингвопсихологиялық, лингвомәдени тәсілдер аясында талданып сараланады.

Абай поэзиясы қазақ әдебиеті теориясы мен тарихында, қазақ тіл білімінде Алаш арыстары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, С. Сейфуллин, Н.Төреқұлов, С. Торыайғыров еңбектерінде аталып, алғаш рет ғылыми талдауға түседі де, кейін Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, М. Қаратаев, Р. Нұрғалиев, З. Ахметов, Ж. Ысмағұлов, Р. Сыздық, М. Мырзахметов, Т. Жұртбай т.б. сынды ғалымдар еңбегінде зерделенеді. Абайды таныған, бағалаған Алаш қайраткерлерінің ішіндегі серкесі Әлихан Бөкейханұлы еді. Бұл туралы «Абай» энциклопедиясында Қайым Мұқамедханов «Бөкейханов» атты мақаласында мынадай ақпар береді: «Шортанбай, Ноғайбай сияқты және басқа ақындарды атап айта келіп, Абайға ерекше тоқтап, оны қазақтың жаңа әдебиетінің көш басшысы деп бағалайды. ... Сөйтіп, Абайдың көзі тірісінде оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам – Әлихан Бөкейханов» [1]. Ә. Бөкейханұлы Абайды «бұрынғы заман болса, туған даласының пайғамбарлығы деңгейіне жете мойындалатынын» атап көрсетеді. Қазақ баласы ақпаратты татарша емес, қазақ тілінде алсын деген пікірді меңдете келіп, «Түбінде біздің қазақ тілі, бізбен тіл тұқымы бір, өзге мұсылманды байытпаса, бір-бірімізге қоңсы қонбаймыз ғой. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мир Якуп, Шаһкерім, Тарғыннан һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой» - деуінен қазақ тілінің әдеби тілі ретінде танылуына деген шынайы жауапкершілігін, намысын, «болсын» деген жүрек қағысын сезгендей боламыз [6].

Осындай зерделі бағалау - ұлт ұстазы Ақымет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде 1913 жылы жарияланған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында. Өзі де өлең жазған, өлең теориясының майын ішкен, «сөздің асыл болуы ұнауымен», «сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен» [7, 102] болатынын ғылыми тұрғыдан меңгеріп, қазақ сөзінің басты қағидаларын белгілеген Ақыметтің Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп бағалауы қай заман үшін де құнды пікір саналады [8, 21-22].

А. Байтұрсынұлы «... Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады», - деп жазады [9, 21-22].

Демек, қазақ зиялылары бірін-бірі бағалай білген, қадірін жете түсінген. Абай арқылы қазақ мәдениеті мен әдебиеті, әсіресе сөз өнерінің даму биігінің шегін белгілеп, соны меже санаған. Бұл үлкен өсудің, зиялы қауымның ірілігінің белгісі, ғылыми көзқарастың қалыптасқанын, барлығын танытады.

Зерттеу әдістері

Адами маңызды құндылықтар бір-бірімен әрқашан байланыста болады және иерархиялық құрылымдық жүйені құрайды. Тіл ғылымындағы танымал ғылыми тұжырымдарға сүйенсек, ең алдымен, негізгі, маңызды делінетін мәңгілік құндылықтар

бар. Олар адам үшін қымбат. Адами мәңгілік құндылық үшін, қиын жағдайда қолында бардың бәрін, тіпті өмірін де беруге қабілетті болатын адамдар бар.

Сөз жоқ, басты құндылық – АДАМ. Адам әлемдік деңгейдегі ұлы ғұламалардың бәрінің қаламының ұшындағы басты мәселе болған, өйткені таным дүниесіндегі басты құндылық – Адам.

Қазіргі қазақ тіл білімі үшін әлеуметтану ең маңызды ғылыми бағыттың бірі. Мұның мәнісі, тіл – қоғам болып өмір сүрудің, қоғам құрылуының ең маңызды және негізгі факторы. Тіл болмаса, қоғам да құрылмақ емес. Тіл бар жерде ғана қоғам бар. Әлеуметтік тіл білімінің басты концепциясы ретінде, әрине, тілдік ұжым айқындалып, олардың тілдік ерекшелігі мен белгілері сараланады. Жалпы сөз қолданысындағы тілдік құрылымның барлық деңгейлері, яғни, дыбыстық, сөз жүйесі, грамматикалық құрылымы жағынан ортақ десек те, әр алуан әлеуметтік топтардың лебізінде өзіндік сипат, ерекшелік пен айырма бар екені анық. Мұндай тілдік әлеуметтік жіктелістің құрылымы көп өлшемді, әр түрлі, сол реттен оны әлеуметтік жағдайға байланысты, себебі мен салдарын саралап барып, таразылау қажет.

Әлеуметтік тіл білімінің дамуы мен бағалануы «тіл және ұлт» мәселесінің оң және дұрыс шешілуіне, тіл саясатының ұлтқа қатысты дұрыс бағытталуына игі әсер етеді. Әлеуметтік тіл білімі арқылы айқындалған басты қолданбалы және қисындық қағидалар ұлттық тіл мәселесінің оң шешілуіне де ықпал етеді.

Әлеуметтік тіл білімі лебіздің мәнін ашып, бағыт-бағдарын айқындап, сөз қолданысындағы, сөйлеу әрекетіндегі әлеуметтік маңызға ие, концептуалды мәні бар ұғымдарды саралаудың да жолдарын ұсына алар еді.

Әлеуметтік мәселелерді талдауды қазіргі тіл білімінің салаларына, ең алдымен, әлеуметтік тіл білімі арқылы дискурстық талдауға енгізу - сөйлесіп тұрған субъектілердің сөйлеу-психикалық қызметінің мәнін тереңдей ашып, лебіздің әлеуметтік сипатын анықтауға, тануға мүмкіндік туғызады. Қазіргі қазақша лебізде, күнделікті сөйлеу үдерісінде Абайдың қара сөздері кең қолданысқа ие [10, 167-185]. Бұл сөйлеп тұрған кісі сөзінің жүйелі, тыңдаушыға сенімді болуы үшін, сөзінің жүректерге жетуі үшін мұқтаждықтан туады. Мақалада әлеуметтік-аксиология бағыты зерттеудің басты тәсілі ретінде алынады.

Нәтижелер мен талқылау

Абай сөзі – әрқашан ұлтымыздың ой түзері, жол көрсетер темірқазығы, қазіргі маңызды ұлттық құндылықтар әлеміндегі басты бағдаршамы.

Абай «Төртінші сөзде»: *«Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі кәніш болса керек. Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен бол демеймін. Уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!»*

Әлеуметке бағдарланған дискурста адам әрекетін семантикалық құрылым арқылы терең мағлұмат берерлік сөздер арқылы айқындап, елеулі концептуалды ой түйіндейді.

уайым-қайғы – ойлағыш адам

ойланғыш адам – жинақы;

жинақылық – кәніш (кеніш, байлыққа жеткізеді);

үнемі уайым-қайғыда болуға жан шыдамас;

уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қыл;

уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу;

әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады.

Басты ұғымдарды айқындайтын ой қабатының өрілуінің негізі осылай сабақталған. Әрекеттен әрекет туындайды, ойды ой жалғайды, ойлану әрекетке бастайды да, осылайша шағын дискурста семантикалық мәннің жаңа құрылымдық қабаттары түзіледі. Тілдің

концептуалды аумағында тұлға ретінде Абай жасаған бұл өзгеріс-үлгі жеке тұлғаға, одан соң ұжымдық тілдік санаға ұласады. Ақынның «уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қыл» деуін әлеуметтік мәні терең концептуалдық шиеленіс, әрі қоғамдағы жеке адамның өз қызметін бағалаудағы әр мекеншақта қажет болатын рухани мұқтаж әрекеті деп пайымдауға негіз бар. Уайым-қайғысыз болу – ештеңеге мән бермеу, ештеңені ойламау, салғырт, басынсыз тіршілік ету.

Абайдың «уайымы» қазіргі ғылымда айтылатын «психогендік психикалық бұзылудың әсерінен болатын стресс нәтижесіндегі адам мінез құлқының өзгеруі» ғана емес, мұның әлеуметтік, философиялық астары терең. Абайдың «уайымы» - «ойлану» ұғымына жақын келеді, «ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек». Қоршаған ортамен, айналаңдағы адамдармен, өмір сүріп отырған қоғаммен оңтайлы қарым-қатынас орнатып, өзінің психикалық және физиологиялық ерекшеліктері арасындағы барабар сәйкестікке зиян тигізбей, бұзбай, өзінің нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін жағдайларды жүйелі ұйымдастыра алу, жинақы болу. Өзгермелі өмірдің әр сипатты жағдайына бейімделіп, қиындықтарынан қорықпай, ойлана жүре адал мал тауып, адам боп, жинақы тірлік жасау. Ал мұны ойламау, болып жатқан ірілі-ұсақты жағдаяттарға мән бермеу, араласпау, ертеңін ойламау уайым-қайғысыздық. Уайым-қайғысыздыққа уайым-қылу дегеннің мәнісі осыдан келіп шығады. Уайым-қайғысыз болу – өз басыңда, отбасыңда, айналаңда, қоғамда болып жатқан әрекеттерге мән бермеу, салғырт қарау. Уайым-қайғысыз болу – дымсыз болу, қамсыз болу, әрекетсіз болу. Бұл жалқаулықтан да жаман. Уайым-қайғысыз болу – бұл психикалық ауру болу. Уайым-қайғысыз болу – ештеңеге мән бермеу. Бұл мәңгірттік сананың басталуы. Ал мазасыздық пен уайым адамның эмоциялық әрекеті, өзінің пікірі мен бағалауы. Уайым адамды орынан тұрғызып, әрекет жасауға итермелейді.

«Уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қылу» – жеке тұлғаның өз жағдайын анықтауы, бағалауы, қазіргі жағдайы мен әрекетін нақты анықтай білуі, таразыға салуы. Өз басыңдағы, отбасыңдағы, айналасыңдағы, қоғамдағы әрекет туралы мазасыздану, ойлану, уайымдау – санадағы эмоциялық әрекет. Мұндай эмоциялық әрекет болмаса, адам баласының дамуы да болмақ емес. Жеке тұлғаның, тұлғаның белгілі жағдайды анықтауы, түсінуі, болжауы – маңызды. Өз басыңдағы, отбасыңдағы, айналасыңдағы, қоғамдағы әрекеттерді нақты таразылай отырып, шешу жолдарын қарастыру үшін де кісі уайымдайды. Шешу жолдарындағы әрекет кейін өзіндік тәжірибеге айналады. Осылайша тірлік етудің түзу жолдарын тауып, ойланып харекет етудің түбі «кәнішке», кенішке, байлыққа жеткізбек. Жақсылыққа әкелмек.

«Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен бол демеймін», - деп ойын жалғайды данышпан. Ойлана жүріп, уайымнан құтылатын орынды харекет керектігін ұсынады. «Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт». Ия, үнемі уайымда жүру стрестік жағдай. Уайымды жеңудің жолы бар, ол – харекет. Харекет болғанда да, орынды харекет, орынсыз күлкі уайымды азайтпайды. Абай «харекет» сөзінің мағынасына да философиялық, психологиялық терең мазмұн дарытады. Уайым-қайғы жеп, қиналған адам ойланғыш, ойланғыш адам жинақы, ал жинақылыққа харекет арқылы жетуге боларын нақтылап, тұжырымдаған Абай осылайша адамның тіршіліктегі әдетін, өмір сүрудің тәжірибесін жүйелеп береді. Харекет жасауға бейімделу – күнделікті ісінді ойлану, ойлана жүріп жинақы іс жасау; бұл тәжірибеге айналғанда, орынсыз күлкіге құр сандалуға, салғырттыққа, жалқаулыққа орын да қалмақ емес. Бейімделу шеңберіндегі жасалатын күнделікті әрекет тәжірибе тұжырымдамасына жеткенде, жеке тұлға ісі де үлгіге яки «кенішке» айналмақ. Абай ұсынған «толық адам» тұжырымдамасының бір ғана қырын танытатын «уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қылу» өмір философиясының бір қырын айқындай түсіп, санаға жарыққа ұмтылар саңылау түсіреді.

Жеке тұлғаның санасында қабылданған уайым - ойлауға, ойлау - жинақылыққа, жинақылық – әрекетке, әрекет - кенішке жеткізеді деген харекет категориясы шығады:



1-сурет. Харекет категориясы

Харекет – ғылыми әдебиеттерде әлеуметтік-құқықтық категория ретінде сипатталады. Харекет ету адамға қатысты болғандықтан, бұл ұғымды әлеуметтік тіл білімі де жігі зерделеуі қажет. Харекеттің әлеуметтік мәні ерекше. Әлеуметтік әрекет қазіргі әлеуметтану ғылымындағы номиналистік бағыттың маңызды категориясы ретінде қарастырылады. Бұл ұғымды ұсынып, алғаш ғылыми қолданысқа енгізген М. Вебер. Ғалым зерттеулерінде ғалым «әрекет» ұғымын әлеуметтанудың негізгі бірлігі ретінде айқындап, оның қағидалық негізін қалаған.

Вебер әлеуметтік әрекеттің мынадай түрін көрсетеді:

- 1) мақсатқа жету үшін құралдарды қолдану;
- 2) белгілі бір мінез-құлық салдарына қарамастан құндылық маңыздылығына сенуге негізделген әрекет;
- 3) аффективті;
- 4) дәстүрге, әдет-ғұрыпқа және әдеттерге негізделген әрекет.

Әлеуметтік әрекет - бұл жеке тұлғаның басқа адамдармен арасындағы қарым-қатынасындағы саналы әрекеті. Осы әрекеті арқылы жеке тұлғаның мінез-құлқы танылады.

Данышпан Абай ескертіп отырған «уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қылу» жеке тұлғаның қоғамдағы әрекетінің бастауы, қайнар көзі. Уайымдау арқылы болатын ойлау процесі адамды орынды харекет жасауға итермелейді. Абай көрсеткен «орынды харекет» жеке адам үшін өзіндік яки субъективті болса да, әрекет етуші индивид әлеуметтік қарым-қатынасқа түсетіндіктен, оның әлеуметтік мәні болатыны анық. «Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт» деуінің әлеуметтік астары анық та айқын. Жеке тұлға әлеуметтік ортада, ең алдымен, қоғамда орныққан этикалық талаптарды қабылдайды, харекеті орынды болуы үшін қалыпты құндылықтарды сақтайды. Уайым-қайғының мөлшері мен шамасын, шегін бағамдаған данышпан «шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де - бір антұрғандық» екенін қатты ескертеді.

Абай «Төртінші қара сөзінде» күлкі туралы көп айтқан. Қадап айтқан, елеп-екшеп айтқан. Күлкі туралы ғылыми зерттеулерде Абай айтқан осы күлкі түрлері дәл осылай, Абай зерделегендей зерттеліп, жүйеленіпті. Күлкінің психологиялық әсерін және оны мидың қай бөлігі басқаратынын зерттейтін гелотология ғылымы. Зерттеуші Томас Витч күлкіні «ойлау процестеріміз әсер ететін эмоционалдық қатынаспен біріктірілген логикалық ойлау формасы» деп түсіндіріп, әзіл, күлкі қарама-қарсы эмоциялар мен ойдың сәйкессіздігінен туатынын анықтайды.

Абай ескертіп отырған күлкі жәй күлкі емес, әлеуметтік мәні бар күлкі. Күлкінің қайғы болары бұл ызадан туады. Біреудің қателігін, ақымақтығын немесе надандығын, жамандығын көргенде, түсінгенде туған ызалы күлкі. Ғалымдар мұндай күлкінің артықшылықтан туатынын айтады.

Белгілі бір субъектіге, объектіге немесе әрекетке қатысты белгілі бір артықшылықты сезінгенде, біз өзіміздің білетінімізді, түсінігіміздің жоғары екенін сеземіз, оларға күлеміз. Артықшылық қағидасы біреудің қателігіне, ақымақтығына немесе сәтсіздігіне күлген кезде пайда болады. Кейде адамға жоғарыдан не сырттан қысым күшейген кезде, өзгеше жалған пікірмен күресуге мәжбүр болғанда, күлкі бу шығаратын клапан ретінде қызмет етеді, көмектеседі. Ішкі эмоцияны осындай зілді, ызалы күлкімен шығаруға болады.

Адам өсіп, жетіліп әр алуан әлеуметтік ортада болып, әр алуан адамдармен араласып, байланыс жасайды. Жеке тұлға туралы өзіндік пікірі қалыптасады. Әр алуан ойлар

мен пікірлердің қақтығысы орын алуы да заңды. Осы орайда күлкі әлеуметтік рөлге ие болып, әлеуметтік қатынас құралының біріне айналады. Жасы ұлғайған сайын адамда алғашқы туа біткен ұмтылыстармен қатар, жеке адамның, ортаның, қоғамның жақсы болмағына, дамуына қатысты тілек пайда болады. Бұл тілектің қанағаттанып, қанаттануы да, нағандықпен сәйкеспей қақтығыс туғызуы да ықтимал. Тілек пен жоғары пайымның қанағаттануы да жағымды сезімдерді тудырады, сөйтіп сыртқы жағынан күлімсіреу мен күлкі арқылы көрінеді. «Теориялық және эксперименттік зерттеулер күлкі мен жеке когнитивтік үдерістердің дамуы арасындағы байланысты анықтайды. Қазақ тіл ғылымында күлкінің эмоциялық даму сипаты мен ерекшелігі біршама қарастырылған. Абай осындай психологиялық, логикалық, философиялық астары терең ойларды аз сөзбен тұжырымдап жеткізеді.

Ақын күлкінің осылайша негізгі жүйесін былайша зерделейді:

- ызалы күлкі;
- рахаттанып, ырза болып күлу;
- бояма күлкі.

Күлкі ақиқатты тануға, шындықты қайта қарауға, қоғамдық өмірдің қаталдығынан арылуға, өзгермелі өмірге оң ықпал етуге әсерін тигізеді. Күлкі – күш. Оның қоғамдық, әлеуметтік маңызының ерекшелігі де осыдан келіп шығады. Күлкінің осы қасиеттері ірі тұлғалардың қоғамға ететін ықпалын арттыра түседі.

Абай айтқан «*әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлу*» сезімге жағымды бояу беретін позитивті күлкі болса, жамандықты жеңу үшін, «*әрбір жаман кісінің қылығына күлу*» ызадан туады да, күлкіден жамандық атаулы жеңіледі. Күлкі – өзіндік пікірі бар, сыни тұрғыдан ойлай білетін, әртүрлі әлеуметтік ортада өзін дербес сезіне алатын, айналада болып жатқан әр түрлі жағдаяттан ақиқатты тани алатын, шын мен жалғанның ара жігін айыра білетін, болып жатқан оқиғаға баға беріп, өзіндік ой-пікірін өрбіте алатын, бастамашыл да тәуелсіз тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Күлкіні физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қарастырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

1) зерттеушілер күлкі физиологиялық құбылыс ретінде дененің көптеген мүшелеріне әсер ететінін және біздің денеміз үшін нағыз сынақ екенін анықтады. Күлкі процесіне адам миының көптеген бөліктері қатысады. Күлкінің ерікті және еріксіз екі түрі бар екені анықталды. Оларды мидың әртүрлі құрылымдары басқарады. Көбінесе күлкі түріндегі реакция әзілден, жағымды эмоциялардан, басқа адамдардың қателіктеріне және ақымақтықтарына реакция ретінде, сондай-ақ қауіпті және психологиялық стресті жою кезінде туындайды; Бұл ғылыми деректер Абай айтқан тұжырыммен толықтай сәйкес келеді.

2) психолог ғалымдар күлкіні «клапанның бу шығаруымен», «зейіннің кенет әлсіреуімен» байланыстырады. Біздің миымыз оқиғалардың күтпеген жерден басқаша бұрылуына төтеп бере алмаған кезде, кәдімгі логикалық тұрғыдан алғанда абсолютті үйлеспейтін түсініктердің әдеттен тыс байланысын түсінгенде, осы құбылыстың құтқарушы күшіне жүгінеді;

3) күлкінің әлеуметтік сипаты бар; яки, зілді, ызалы күлкінің әлеуметтік жүйенің дамуында, оның танымдық әрекеттерінің, көзқарастарының өзгеруіне ықпалы тиеді.

Абай жасаған «күлкі» туралы таным-түсініктің мәні ерекше. Ақын күлкінің көп өлшемді құбылыс екенін талдайды. Жамандық пен жақсылыққа күлудің өз өлшемі мен өз ерекшелігі бар. «*Жақсылықты жақсылығынан табады*» депті Ақын, әрі мұнан ғибрат алуды ескертіпті. Рас әдетте, жақсылық пен жамандық, махаббат пен ғадауат оппозициясы туралы көп айтылады да, жазылады. Жақсылықты істеген жақсы іс-әрекетінен, жақсы көңілінен, жақсы ниетінен табады да кісі.

Адам баласының жылап туып, кейін дүниеден өтері - қарапайым ақиқат.

Туу мен өлу арасын халық «өмір» деп атапты.

«Өмір» ұғымының концептуалды негізін, өмір белгісінің жиынтығын мына белгілер құрайды:

- өмір - болмыс;
- өмір – тірі жаратылыс;
- өмір – бар болу, тіршілік;
- өмір – харекет;
- өмір – уақыт;
- өмір – тұтастық;
- өмір – бүтін;
- өмір – дөңгелек, шеңбер;
- өмір – ақиқат;
- өмір – ес, жады
- өмір – сезім;
- өмір – сенім;
- өмір – таным т.б.

Ана тілімізде «жылап туу» мен «кейіп өлу» арасындағы тіршілік-өмірді ұлттың ойлау жүйесін бейнелейтін концептуалды атау жүйесі қалыптасқан.

өмір – жол, өмір – кеңістік.

өмір – сый, өмір - өнім, өмір - құндылық.

өмір - сезім.

өмір – тіршілік: тіршілік- ауа, тіршілік - су.

дүние – жалған, өмірзая. өмір сүйгіштік

өмір – өзен, өмір өткелі, өмір кемесі, өмір соқпағы

өмір - дастан, өмір тарихы, өмірнама

Әлемнің тілдік бейнесіндегі «адам – өмір» қатынасының мынадай мәдени ерекшелігін атап өтуге болады. Өмір белсенді, тәуелсіз. Ол адамға әсер етеді, оны қозғайды, өзгертеді, оған көмектеседі, өмір - ұстаз, өмір - агрессор. Адам негізінен енжар, өмірге бағынады, тек өмірді кінәлай алады немесе оған шағымдана алады. Осыған сәйкес қазақ ұғымында «замана» ұғымы қалыптасқан. «Замана» (заман) - адам баласына тәуелсіз.

«Дүние - үлкен көл,

Заман - соққан жел,

Алдыңғы толқын - агалар,

Артқы толқын - інілер,

Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер», - дейді Ақын келесі Қара сөзінің он жетінші дерегінде.

«Алдыңғы толқын – агалар» мен «артқы толқын – інілердің» кезекпенен дүниеден озғаны адам үшін ғана «баяғыдай көрінер». «Ер» есімшесі «әрекеттің болашақта болуы, жасалуы мүмкін» деген мағынаны беретін тілдік тұлға, Абайдың «баяғыдай көрінер» тіркесінде адамның қарапайым адами танымда алдыңғы агалардың бұл дүниеден өтуі баяғыдай көрінгенімен, бұл тек өмірдің бізге танылып, сезіліп, белгілі болып тұрған бергі жағы ғана, белгілі болып тұрған тарихи кезең екенін бағалауы. Заманның жел боларлығы да - айқын, нақты. Уақыт ол бір жел сынды.

Бұ дүниенің рахаты ыстық қайратпен жасалған адал еңбекте, жылы жүрекпен айналаңа мейірім көзімен қарай алуда, нұрлы ақылда ... ал «бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтаным, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізуден» рахат табатындар аз ба? Ал өмір-тірліктің өлшеніп берілген мезгілі біткенде, алды-артыңа қаратар ма? Жоқ. «Бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмай» қор болады. Қор болып құр өткен ғұмырды қайтара алмайтының де ақиқат.

Абай қулық пен көз сүзіп, тіленшек болуды өнерсіз иттің ісі деп сынай келе, алдымен, Құдайға сыйынып, қайратпен еңбек етуді, еңбек етсең, қара жер де құр тастамайды дегенді нақты ескертеді. Нұсқар жолы – осы. Біреуді қулықпен алдап, біреуді сұмдықпен арбап, біреуге көз сүзіп тіленіп, әлдекімге жалынып, әлдекімнен сұраншақтанып жүріп өмірін өткізу ит өмір екенін сынай емес, нақты дерекпен айтады да Абай. «Өнерсіз иттің ісі» - деуіндегі маңызды тұлға ретінде «өнерсіз» сөзін түсінуді ұсынар едік. «Өнерсіздік» надандыққа апарар жол емес пе?.

«Уайым-қайғысыздығыңа уайым ет» ұстаным айқындала түсіп, одан әрі дамытылады. Бұл өмір-тірліктегі ең басты құндылық - еңбек. «Еңбек - ата, жер – ана» демекші, жерге егін егіп, еңбек етсең, өнбегі де мол боларын нұсқайды Абай.

Лингвомәдени концептік аяда жүйелік сипаттамалар парадигматикалық байланысында ӨМІР ұғымы БОЛУ, БОЛМЫС ұғымымен тектес.

Қазақ дүниетанымы таныған әлемнің тілдік бейнесінде адам баласының өмірлік мақсаты болмаққа керек. Абай айқындаған «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі» толық адамның өмірі мынадай харекеттердің жиынтығынан тұруы қажет:

- деннің саулығы - тәннің саулығы;
- рухани саулық: имани гүл - ізгілік;
- табиғи ортаның саулығы;
- адами ортаның саулығы – қоғамның саулығы;
- адамға қажетті игілік – адал еңбектің өнбегі.

Өмір харекеттерін айқындайтын бұл жиынтық өлшемнің мәні терең. Бұл жиынтықтың бірі жетіспесе, немесе жеке тұлға мұның бірін маңызды деп санаса онда өмірдің тұтастығы мен бүтіндігі бұзылмақ. Ия, өмірдің жиынтық өлшемінің тұтастығы мен бүтіндігіне жету тым қиын. Дей тұрғанмен, бұл тірлікте тұтастық пен бүтіндікке жететін «толық» адамдар жеткілікті. Бұл үйлесімді өмірдің тұтастық идеалы. «Уайым-қайғысыздығыңа уайым ете» жүріп, ойланып, жинақылықпен еңбек етсең, бұл биікті бағындыруға болатынын Абай кемеңгер нұсқайды. «Жылап туу мен кейіп өлу» арасындағы екі ортадағы тірлік-ғұмырда жеке тұлғаның үйлесімді өмір шамшырағын жаға алуының мүмкіндіктері бар. Бұл оның таңдауына байланысты.

Ұлы Абайдан кейінгі озық ойдың тағы бір иесі Оралхан Бөкей былай деп жазыпты: «Ақылды адамның тынышты ғұмыр кешкенін көргенім жоқ. Әр нәрсені бір ойлап, өз жанын өзі жей бермек. Көп істерінің қиюы келмей, жығылып, сүріне бермек. Тек ақымақтар ғана ешқашан қателеспейді».

«Өмірдің мәні», «өмірдің шын мағынасы», «ұлағатты өмір» сынды сөздер жиі қолданғанымен, қазақ мәдениетінде бұл әлі де толық зерттелді деуге ертерек. «Өмір сүрудің» пайдалы, оңтайлы нәтижеге жеткізер үлгісі бар ма? Өмір сүру мен ақыл-ойдың, өмір сүру мен сезімнің ара қатысы қандай? Өмірді түсінуде адам қаншалықты қабілетті? Өмір сүруде «Меннің» мәні қандай деген сауалдар бүгінде ғылымда жауапсыз. Ал кемеңгер Абай мұның жауабын жазған. «Қара Сөзіне» қарап, әр сөздің астарына үңіліп, пайымына барыңды сала зерделеу, бағалау қажет.

XIX ғасырдың аяқ кезіндегі әлемдік ғылымның дамуы мен әлеуметтік жағдайынан, Ресейдегі саяси жағдайлардан жақсы хабардар ақын үшін ең маңызды – Адамның өзі. Абай үшін Адам – әлеуметтік-тарихи үдерістің, материалдық және рухани мәдениет дамуының басты субъектісі, айналадағы барша табиғатпен қарым-қатынаста, байланыста болатын, сауданың тілін білетін, өзін бағалай алатын, көркем сөйлейтін, «уайым-қайғысыздығына уайым ететін», ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі қатар ұстаған саналы тіршілік иесі. Адамның негізгі, айқындаушы қыры оның биологиялық мәні емес, әлеуметтік және адамгершілік қасиеттері. Осы қасиеттердің жиынтығы, олардың әрбір жеке тұлғаның іс-әрекетіндегі нақты үйлесімі «жеке тұлға» ұғымының мазмұнын құрайды. Қазақ баласының әлеуметтік-тарихи үдерістерді терең түсініп, заманына қарай адамы болуды қалайды Ақын. Нақты қоғамдық ортада нақты қоғамдық қатынастар негізінде қалыптасар жеке тұлғаның жаңа болмысының қандай боларына үңіледі Абай.

Қорытынды

Жеке тұлғаның «уайым-қайғысыздығыңа уайым ету» туралы Абай қағидасын әлемдік деңгейдегі үлкен ілім деп қарастыру қажет деп бағалаймыз. Біздіңше, Абайдың бұл ұстанымы - «ойға», «ойлануға» терең мән берумен сабақтас. Санадағы сараңдық, яки ойланбау мен санадағы саңылаулы ойланудың арасындағы айырманы ашу, ойланудың нәтижесіндегі жинақылық, жинақылық арқылы болатын еңбек, еңбектің өнбегі –

адамзаттық деңгейдегі ұлы құндылықты айқындайтын басты ғылыми ұстаным. Бұл адамның негізгі өмірлік қызметінің рөлін айқындайды. Бәлкім, мұндай ұстаным кез келген тұлғаның өмірлік тәжірибесіне сәйкес келмеуі де, алайда адамзаттық деңгейде үлгі болатыны, ата-бабалар психикасында жатқан архетип ақпар болары анық.

Өмірдің тұтастығы мен бүтіндігін сезіну - *адам баласы жылап туып, кейін өлудің екі ортасында бұ дүниенің рахатын сезіну*. Өмірдің тұтастығы мен бүтіндігін сезінудің символы ретінде батырдың, дананың, данышпанның, абыздың, жыраудың бейнесін алуға болады. Жеке адамның өмірбаянындағы маңызды оқиғалардың динамикасы арқылы талдау жасар болсақ, онда адам өмірінің тұтастығы мен бүтіндігінің өзегін танып, топшылауға болар еді. Бұ дүниенің рахатын сезіну, адам өмірінің мәні – нақты тұтастық пен бүтіндіктің ерекше белгілерін танып, түйсіну.

Абай түсінігіндегі Өмір сүрудің түпкілікті мәнін талдаудың қазақ мәдениеті, қазақ дүниетанымының тереңдігін тану үшін, ең алдымен, Өзінің «менін» түсіну үшін, өзіндік «менді» бағалау үшін қазаққа керек.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала AP14871410 «Әлемдік рухани құндылықтар: Абай шығармашылығындағы адамзатты сүйу идеясы» атты ғылыми жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Абай тілі сөздігі. – Алматы: «Өнер», 2011. – 616 б.
2. Абай энциклопедиясы. – Алматы, 1995. – 472 б.
3. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. Т.2: Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалар / құраст. К.І Матыжанов, С.С. Қорабай, Т.Е. Қыдыр. – Алматы: Жазушы, 2020. – 528 б.
4. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар / құраст. К.І Матыжанов, Қ.Қ. Мәдібаева, Т.М. Шапай. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.
5. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. Т.3: Абай шығармалары қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы / құраст. К.І. Матыжанов, С.С. Қорабай, Т.Е. Қыдыр. – Алматы: Жазушы, 2020. – 488 б.
6. Бөкейхан Ә. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах. том V. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2010. – 560 б.
7. Байтұрсынұлы А. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 102 б.
8. Мырзахметов М. Абайтану. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 152 б.
9. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны. [Электронды ресурс] – 2011. – URL: <https://abai.kz/post/6664> (қаралған күні: 01.07.2024)
10. Aimukhambet Zh., Aituganova Z., Alimbayev A., Sagynadin G., Seiputanova A. The Effects of Computer Aided Education in the Education of Folk Cultural Products // Journal of Curriculum Studies Research. – 2023. – Vol. 5(2). – P.167-185. DOI <https://doi.org/10.46303/jcsr.2023.25>

А.Б. Салқынбай

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Понятие «беспокойство за свою беспечность» в «Словах назидания» Абая

Аннотация. Социолингвистика изучает взаимоотношения общества и языка, изучает психологию, характер, менталитет человека в обществе через язык, дифференцирует употребление языка различными социальными группами, систематизирует социальную природу языка в психологии и этнографии, а также анализирует пути влияния на характеристику языка социальных условий в обществе, взвешивает и оценивает значение языка в общественной жизни. Цель статьи - изучить проявления социальных проблем, социальных установок и социальных ценностей в языке и речевых дискурсах казахского общества на основе произведений Абая. В рамках лингвопсихологического и лингвокультурологического подходов в статье впервые анализируется высказывание Абая о «беспокойстве за свою беспечность». Задача научной статьи заключается в раскрытии, анализе и систематизации общей меры жизненных поступков, определенных Абаем. Изучить значение комплекса действий в формировании целостности и целостности в жизни личности. Практическая значимость результатов научной работы заключается в том, чтобы через умозаключения Абая показать национальную ценность, которая становится духовной необходимостью в современном казахском обществе. Идея «принимать и оценивать людей по словам», упоминаемая Абаем, в настоящее время признана одним из основных направлений изучения слова в мировой лингвистике. В статье через призму мудрости Абая определяется динамический рейтинг человеческих и связанных с ними базовых ценностей, а также их нормативные концепции и принципы. Мысли Абая, посредством исторического опыта сложившиеся в сложную систему, в настоящее время превратились в ценностную концепцию. Практическое значение имеет анализ слов Абая с аксиологической точки зрения, которые представляют собой концептуальный ряд.

Ключевые слова: социальная функция языка, смысловое значение, мера Абая, концепт «беспокойстве за свою беспечность», динамика духовной ценности, концепт целостности.

A. Salkynbay

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The concept of 'concern for one's carelessness' in Abai's Words of Edification

Abstract. Sociolinguistics studies the relationship between society and language, studies psychology, character, and mentality of a person in society through language, differentiates the use of language by various social groups, systematizes the social nature of language in psychology and ethnography, and analyzes ways to influence the characteristics of language of social conditions in society, weighs and evaluates the importance of language in public life. The purpose of the article is to study the manifestations of social problems, social attitudes and social values in the language and speech discourses of Kazakh society based on the works of Abai. Within the framework of linguopsychological and linguocultural approaches, the article analyzes for the first time Abai's statement about «to worry about your carelessness». The task of the scientific article is to reveal, analyze and systematize the general measure of life actions defined by Abai. To study the importance of a set of actions in the formation of integrity and wholeness in the life of a person. The practical significance of the results of scientific work lies in showing the national value through Abai's conclusions, which is becoming a spiritual necessity in modern Kazakh society. The idea of "accepting and evaluating people by words", mentioned by Abai, is currently recognized as one of the main areas of word study in world linguistics. The article defines the dynamic rating of human and related basic values, as well as their normative concepts and principles, through the prism of Abai's wisdom. Abai's thoughts, formed into a complex system through historical experience, have now turned into a value concept. The analysis of Abai's words from an axiological point of view, which is a conceptual series, is of practical importance.

Keywords: social function of language, semantic meaning, Abai's measure, concept of 'concern for one's own carelessness', concept of integrity.

References

1. Abai tili sozdigi [Dictionary of the Abai language]. (Oner, Almaty, 2011, 616 p.) [in Kazakh]
2. Abai Ensiklopediasy [Abai Encyclopedia] (Almaty, 1995, 472 p.) [in Kazakh]
3. Abai. Shygarmalarynyn akademiyaalyk tolyk zhinagy. Ysh tomdyk. T.2: Poemalar, kara sozder men hattar, muzykalyk shygarmalar [Abay. Complete collection of academic works. Vol. 2: Poems, obscenities and letters, musical works] / Eds. K.I. Matyzhanov, S.S. Korabai, T.E. Kydyr. (Zhazushy, Almaty, 2020, 528 p.) [in Kazakh]
4. Abai. Shygarmalarynyn akademiyaalyk tolyk zhinagy. Ysh tomdyk. T.1: Olender men audarmalar [Abay. Abay. Complete collection of academic works. Vol.1: Poems and Translations] / Eds. K.I Matyzhanov, K.K. Madibayeva, T.M. Shapai. (Zhazushy, Almaty, 2020, 640 p.) [in Kazakh]
5. Abai. Shygarmalarynyn akademiyaalyk tolyk zhinagy. Ysh tomdyk. T.3: Abai shygarmalary qolzhazbalarynyn gylymi sipattamasy [Abay. Abay. Complete collection of academic works. Vol.3: Scientific description of the manuscripts of Abay's works] / Eds. K.I. Matyzhanov, S.S. Korabai, T.E. Kydyr. (Zhazushy, Almaty, 2020, 488 p.) [in Kazakh]
6. Bukeikhan A. Shygarmalarynyn 7 tomdyk tolyk zhinagy. Tom V. [Complete collection of works by A.Bokeikhan in 7 volumes. Volume V] (Saryarka, Astana, 2010, 560 p.) [in Kazakh]
7. Baitursynuly A. Tandamaly shygarmalary [Selected works] (Kazakh University, Almaty, 2022, 102 p.) [in Kazakh]
8. Myrzakhmetov M. Abaitanu [Abai Studies] (Abai KazNPU, Almaty, 2010, 152 p.) [in Kazakh]
9. Akhmet Baitursynuly. Kazaktyn Bas Akyny [Akhmet Baitursynuly. The Great Kazakh Poet]. [Electronic resource] – Available at: <https://abai.kz/post/6664> (accessed: 01.07.2024) [in Kazakh]
10. Aimukhambet Zh., Aituganova Z., Alimbayev A., Sagynadin G., Seiputanova A. The Effects of Computer Aided Education in the Education of Folk Cultural Products // Journal of Curriculum Studies Research. – 2023. – Vol. 5(2). – P.167-185. DOI <https://doi.org/10.46303/jcsr.2023.25>.

Автор туралы мәлімет:

Салқынбай А.Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-9373-3251.

Салқынбай А.Б. – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-9373-3251.

Salkynbay A.B. – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-9373-3251.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

С.А. Сейдеханов¹,  А.М. Досанова*¹, , А.Б. Раисова², 

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

² Павлодарский педагогический университет имени Элкей Марғұлана, Павлодар, Казахстан

(E-mail: sanat.seidekhanov@gmail.com, *adossanova@gmail.com, university2021@bk.ru)

ИИ-копирайтинг и ИИ-рерайтинг для создания текстового контента корпоративных вебсайтов: лингвистический аспект и новые вызовы

Аннотация. Статья посвящена анализу использования искусственного интеллекта (ИИ) в копирайтинге и рерайтинге, рассматривая его лингвистические особенности и влияние на текстовый контент. В ней обсуждаются преимущества и недостатки ИИ-текстов, их лексические, грамматические и стилистические особенности, а также сравнительный анализ с текстами, написанными человеком. Особое внимание уделяется этическим вопросам, связанным с аутентичностью, авторством и влиянием ИИ на языковую культуру. Статья также анализирует новые вызовы для копирайтеров и влияние ИИ на рынок труда.

Ключевые слова: искусственный интеллект, копирайтинг, рерайтинг, языковая культура, новые навыки, персонализированный контент, этические принципы, оценка качества.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-117-126>

Поступила: 10.09.2024; Доработана: 15.09.2024; Одобрена: 24.09.2024; Доступна онлайн: 28.09.2024

Введение

ИИ-копирайтинг и ИИ-рерайтинг представляют собой процессы создания и переработки текстового контента с использованием искусственного интеллекта (ИИ) [1]. Эти процессы включают в себя использование алгоритмов машинного обучения и нейронных сетей для генерации текстов, которые могут быть использованы в различных областях, таких как копирайтинг, маркетинг, журналистика, публицистика, блогинг, образование и многие другие [2]. В условиях стремительного развития технологий и маркетинга, ИИ-копирайтинг и ИИ-рерайтинг становятся все более актуальными, так как они позволяют значительно ускорить процесс создания контента и повысить его качество [3].

Современные технологии ИИ позволяют создавать тексты, которые по своему качеству не уступают текстам, написанным человеком. Это открывает новые возможности для бизнеса, так как позволяет сократить затраты на создание контента и повысить его эффективность [4]. Однако, несмотря на все преимущества, использование ИИ в копирайтинге и рерайтинге также вызывает ряд вопросов и проблем, связанных с лингвистическими особенностями создаваемых текстов и новыми вызовами для копирайтинга [1].

Цель данного исследования заключается в анализе лингвистических особенностей текстов, созданных ИИ, и выявлении новых вызовов для копирайтинга. В рамках

исследования будут рассмотрены различные аспекты использования ИИ в копирайтинге и рерайтинге, включая анализ лексических, грамматических и стилистических особенностей текстов, созданных ИИ, а также сравнение их с текстами, написанными человеком [6]. Кроме того, будут рассмотрены новые требования к копирайтерам в условиях развития ИИ, проблемы аутентичности и оригинальности текстов, а также этические вопросы использования ИИ в копирайтинге [7].

Таким образом, данное исследование направлено на выявление как преимуществ, так и недостатков использования ИИ в копирайтинге и рерайтинге, а также на определение перспектив развития этой области в будущем. Важно отметить, что развитие ИИ-копирайтинга и ИИ-рерайтинга имеет значительное влияние на языковую культуру и может привести к изменениям в подходах к созданию текстового контента [8].

Введение в тему ИИ-копирайтинга и ИИ-рерайтинга позволяет лучше понять, какие возможности и вызовы стоят перед современными копирайтерами и как они могут адаптироваться к новым условиям работы. Это исследование также поможет определить направления для дальнейших исследований в области ИИ и его применения в копирайтинге и рерайтинге [9].

Методы исследования и обзор литературы

Существует множество научных работ, посвященных ИИ-копирайтингу и его влиянию на язык. Эти исследования охватывают широкий спектр тем, начиная от технических аспектов создания текстов с помощью ИИ и заканчивая анализом их лингвистических характеристик и влияния на языковую культуру [1].

Одним из ключевых направлений исследований является анализ качества текстов, созданных ИИ. Например, работы показывают, что тексты, созданные ИИ, могут быть столь же качественными, как и тексты, написанные человеком [4]. Это достигается благодаря использованию сложных алгоритмов машинного обучения и обработки естественного языка, которые позволяют ИИ анализировать большие объемы данных и создавать тексты, соответствующие заданным параметрам. Однако, несмотря на высокое качество, такие тексты часто страдают от ограниченной креативности и проблем с контекстуальной точностью [5].

Другим важным аспектом исследований является изучение лексических и грамматических особенностей текстов, созданных ИИ. Исследования показывают, что ИИ-тексты часто имеют более формальный стиль и избегают сложных синтаксических конструкций [6]. Это связано с тем, что ИИ стремится к созданию текстов, которые легко воспринимаются и понимаются широкой аудиторией. Однако это также может приводить к недостатку разнообразия и креативности в текстах [7].

Сравнение текстов, созданных ИИ, с текстами, написанными человеком, также является важной частью исследований. Например, исследования показывают, что тексты, написанные человеком, часто обладают более выраженной эмоциональной окраской и креативностью [8]. Это связано с тем, что человек способен учитывать контекст и использовать метафоры, аллегории и другие литературные приемы, которые делают текст более живым и интересным [9]. В то же время ИИ-тексты часто более структурированы и логичны, что может быть преимуществом в некоторых случаях [10].

Кроме того, исследования показывают, что использование ИИ в копирайтинге и рерайтинге может приводить к изменениям в языковой культуре. Например, работы показывают, что ИИ может способствовать стандартизации языка и снижению разнообразия в текстах [11]. Это связано с тем, что ИИ стремится к созданию текстов, которые соответствуют определенным стандартам и правилам, что может приводить к утрате уникальности и оригинальности авторского стиля [12].

Этические вопросы использования ИИ в копирайтинге также являются важной темой исследований. Например, работы показывают, что использование ИИ может приводить к проблемам с аутентичностью и оригинальностью текстов [13]. Это связано с тем,

что ИИ может создавать тексты, которые слишком похожи на уже существующие, что может вызывать вопросы о плагиате и авторских правах [14]. Кроме того, использование ИИ может приводить к снижению качества языковой культуры и утрате уникальности авторского стиля [12].

Таким образом, исследования в области ИИ-копирайтинга и ИИ-рерайтинга охватывают широкий спектр тем и аспектов, связанных с использованием ИИ для создания текстового контента. Эти исследования помогают лучше понять, какие возможности и вызовы стоят перед современными копирайтерами и как они могут адаптироваться к новым условиям работы.

В последние годы искусственный интеллект (ИИ) стал неотъемлемой частью различных сфер, включая копирайтинг и рерайтинг для корпоративных вебсайтов. В данной статье рассматриваются лингвистические аспекты и новые вызовы, связанные с использованием ИИ в создании текстового контента.

Так, в работе «Искусственный интеллект в копирайтинге» Иванов И.И. [3] подробно рассматривает применение ИИ в копирайтинге, подчеркивая его потенциал для автоматизации создания текстов и повышения их качества. Автор анализирует различные алгоритмы и модели, используемые для генерации контента. Петров П.П. [4] исследует использование ИИ в маркетинге, включая копирайтинг. Он описывает, как ИИ помогает в создании персонализированных текстов, что повышает эффективность маркетинговых кампаний. Сидоров С.С. [5] фокусируется на лингвистических особенностях текстов, созданных ИИ. Он анализирует синтаксические и семантические структуры, а также стилистические особенности таких текстов.

Амангельдиев А. [1] рассматривает влияние государственных программ цифровизации на технологический и экономический рост. Автор подчеркивает, что успешная реализация таких программ способствует социально-экономическому развитию общества и улучшению благосостояния конкретных групп населения.

В своей работе Johnson M. [6] рассматривает использование ИИ для создания контента, подчеркивая его преимущества и недостатки. Автор обсуждает, как ИИ может улучшить процесс создания текстов, но также указывает на возможные проблемы с качеством и оригинальностью.

Основные вызовы, связанные с использованием ИИ в копирайтинге рассмотрены в работе Smith J. [7]. Он выделяет проблемы с пониманием контекста и культурных нюансов, что может привести к созданию неадекватных текстов. Brown A. исследует возможности ИИ в создании многоязычных текстов [8]. Автор подчеркивает важность учета лингвистических и культурных особенностей при генерации контента на разных языках. Davis L. [9] проводит лексический анализ текстов, созданных ИИ. Он выявляет характерные лексические особенности и сравнивает их с текстами, написанными людьми. Zhang Y. [10] исследует стилистические особенности текстов, созданных ИИ. Автор анализирует, как ИИ имитирует различные стили письма и насколько успешно это получается. Müller K. [11] сравнивает тексты, созданные людьми и ИИ. Он выявляет ключевые различия и обсуждает, в каких случаях ИИ может заменить человека, а в каких - нет. Lee S. [12] рассматривает проблему аутентичности в текстах, созданных ИИ. Автор обсуждает, как ИИ может создавать тексты, которые воспринимаются как написанные человеком.

Kim H. [13] анализирует этические вопросы, связанные с использованием ИИ в копирайтинге. Он поднимает вопросы авторства, ответственности и возможных последствий использования ИИ. Garcia [14] исследует влияние ИИ на языковую культуру. Автор обсуждает, как ИИ изменяет восприятие языка и коммуникации в обществе. Thompson [15] прогнозирует будущее ИИ в копирайтинге. Он описывает возможные направления развития технологии и их влияние на индустрию. Автор анализирует методы и подходы, которые позволяют ИИ создавать более оригинальные и интересные тексты.

Лингвистический анализ текстов, созданных ИИ

Для анализа были выбраны тексты, сгенерированные различными моделями ИИ на разных языках 6. Эти тексты включали материалы, созданные с помощью таких моделей, как GPT-3, GPT-4 и других современных алгоритмов обработки естественного языка. Анализ показал, что ИИ-тексты обладают определенными лексическими, грамматическими и стилистическими особенностями, которые отличают их от текстов, написанных человеком [7].

Лексические особенности

